

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Дамытушы орта

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/63273/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын баланы дамытудың ерекше түрі- ол Монтессори үйірмесі. Бұл кішкентай балалардың күнделікті өмірін түсінуге, олардың қарапайым заттармен қоршаған ортаны білуіне, тәуелсіз дамуына ықпал етеді. Балалардың ерте дамуына бағытталған бұл бағдарламада Мария Монтессори мен оның ізбасарлары жасаған жаттығулар бар. 3-4 жастағы баланың қабілеттерін қарқынды дамыту бұл -ерте даму деп аталады. Ерте дамудың әдісі қиын тапсырмаларды жеңуге көмектесуге арналған

Неліктен бағдарлама М.Монтессоридің идеяларына негізделген? Көптеген дамып келе жатқан әдістер бар, бірақ Мария Монтессоридің әдісі тек танымал емес - кейбір елдерде (Италия, Жапония, Германия) ол жетекші болып табылады.

Мария Монтессори әдісі баланың үйренуге деген жаңа ықыласын оятады және баланың игере алатын дәрежесін дамытады -. Ол тек қалағаның ғана емес, сонымен бірге оған дайын нәрсені де жасайды. Туғаннан бастап 3,5 жасқа дейін - әлемді тану тәсілі ретінде қозғалыс, 2 жастан 4 жасқа дейін - идеяның қалыптасу кезеңі тәртіп пен дәлдік, 2,5 жылдан 6 жылға дейін - қоғамдағы мінез-құлық нормаларын меңгеру кезеңі, туылғаннан 5 жасқа дейін - белсенді сенсорлық даму кезеңі, туғаннан 6 жасқа дейінгі кезең - сөйлеудің белсенді даму кезеңі. Мария Монтессори әдісімен жаттығулар белгілі бір қабілеттердің дамуына жағдай жасай алады.

Бұл әдістің негізгі ұраны: «Маған оны өзім жасауға көмектес».

Бағдарламаның мақсаты: Монтессори әдісі арқылы балалар ақыл-ойын, әр түрлі заттармен жұмыс жасай отырып, ұсақ қол моторикасын дамытады.

Бағдарламалың міндеттері:

- Өмірдің практикалық дағдыларын үйрету және өзіндік жұмысын дамыту

-Баланың танымын, ақыл-ойын, логикалық ойлау түйсігін кеңейту,

ұсақ қол моторикасын дамыту.

-Баланың әртүрлі материалдармен жұмыс жасауға деген қызығушылығы арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Балалап практикалық пағлылап арқылы өзінлік жұмыс жасай алапы акып -ойы және ұсақ қол моторикасы дамып, логикалық түйсігі қалыптасады.

Бағлапламанын мерзімі: аптасына бір рет 15-20 минуттан, 1 жылға құрылды - 36 сағат өткізіледі.

Перспективалық жоспар

№	Тақырыбы	Бағдарламаның міндеттері	Сағат саны
1	“Ұсақ заттар, ірі заттар”	Балаларға ұсақ, ірі түсінігін қалыптастыру. Дидактикалық ойындар арқылы заттарды ажырата білуге үйрету.	1
2	«Сиқырлы елек»	Қозғалыстардың үйлесімділігін, дәлдігін (електен өткізетін ірі жармаларды ұсақтан бөліп алу) дамыту	1
3	«Пирамида ойыны»	Пирамида құрастыру арқылы, үлкен-кіші, жоғары-төменді ажыратуға дағдыландыру, ойын, зейінін дамыту.	1
4	«Менің Отбасым»	Саусақ жаттығуы арқылы, отбасын атай білуге үйрете отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту.	1
5	«Түрлі-түсті пішіндер»	Фетр матасынан жасалған түрлі-түсті пішіндерді кеңістікте ілгекпен тағу арқылы өз орындарына орналастыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Түсіне байланысты пішіндерді ажырату.	1
6	«Қуыршақты киіндір»	Түймелер және ілгектерді тағу арқылы саусақ ұсақ моторикасын дамыту.	1

7	«Матрешкалармен жаттығу»	«Үлкен-кіші» ұғымдарының қалыптастыру, заттардың мөлшеріне қарай ретеу.	1
8	«Құрғақ бассейн»	Кішкентай ойыншықтарды асқабақ дәндерінен жасалған құрғақ бассейнге ойнату арқылы, балалның ұсақ қол моторикасын дамыту.	1
9	«Шулы банкалар»	Сусымалы, сұйылмалы заттарды ажырата білуге үйрету. Банкадағы қандай зат екенін дауысы арқылы ажыратуға дағдыландыру.	1
10	«Суды түрлі — түске боя»	Балаларға суды түрлі түстермен бояуға үйрету, қабылдауын дамыту.	1
11	«Баспалдақтар»	«Жуан-жіңішке» ұғымын қалыптастыру, моториканы дамыту	1
12	«Баулармен ойын»	Бауларды байлап, шешуге үйру. Моториканы, қимылдарды үйлестіруді дамыту	1
13	«Моншақ тізу»	Әр түрлі түсті үлкен көлемді ағаш моншақтарды бауға тізу арқылы, қол моторикасын дамыту және түстерін ажырату.	1
14	«Қыстырғыштар»	Түрлі-түсті қыстырғыштар арқылы түстерді ажыратуға, саусақ жаттығуын дамытуға үйрету.	1
15	«Түрлі түсті маталар»	Маталарды қолмен ұстап, жанасу арқылы сезімдерін, ұсақ қол моторикасын дамыту.	1
16	«Орындарымен орналастыр»	Әр затты өз орнына қою арқылы, зейінін, жанасуды дамыту.	1
17	«Түрлі -түсті қамалдар» (замки)	Түрлі-түсті қамалдарды ашып жабу арқылы сенсорлық тәрбиесін дамыту, саусақ моторикасын дамыту.	1
18	«Құмды себу»	Құм салынған қорапшамен жұмыс жасау арқылы, қолдың саусақ моторикасын дамыту арқылы, ойын дамыту.	1
19	«Құммен жол сал»	Берілген құмдардың бетіне саусақ арқылы жол ирелегін салу, моториканы дамыту.	1

20	«Мозаиканы құрастыр»	Берілген мозаикаларды орнымен құрастыру арқылы, зейінін дамыту, орнымен қою арқылы ептілікке үйрету.	1
21	«Дамытушы үшбұрыштар»	Үшбұрыштардан әртүрлі заттар құрастыру арқылы балалардың ойын дамыту, үшбұрыштар арқылы әр түрлі құрастыруға үйрету.	1
22	«Серпантин жолдар»	Жылан жолдар арқылы баланың ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын, зейінін дамыту.	1
23	«Көңілді қыстырғыштар»	Ұсақ қол моторикасын дамыту, қыстырғыштарды жіпке тізу арқылы түстерін ажырату.	1
24	«Жартылай пішіндер»	Жартылай пішіндер арқылы толық пішін құрастыру. пішіндер арқылы үй, машина, шырша құрастыру. Ойын, қол моторикасын, зейінін дамыту,	1
25	«Белбеушелер»	Белбеуді тағу ақылы, өз өзіне қызметуді үйрену, ұсақ қол моторикасын дамыту.	1
26	«Төгіп алма!»	Сусымалы, сұйық заттарды ыдысқа құю арқылы балаларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке үйрету. Сұйық немесе қою, құрқак немесе сулы заттарды ажыратуға үйрету.	1
27	«Әдемі гүлдер»	Гүлдің бөліктерін жабысқыш арқылы жинау, гүлдің сабағы, күлтелерін, жапырағын жапсыру арқылы ұсақ қол моторикасын, зейінін, логикасын дамыту.	1
28	«Ғажайып қап»	Қаптың ішіндегі түрлі ойыншықтарды үлкен, кішісін ажыратып қою арқылы, ажырата білуге үйрету, моторикасын дамыту.	1
29	«Қасықпен сал»	Күрішті бір кеседен, екінші кесеге қасықпен салу арқылы, ұқыптылыққа, дәлдікке үйрету.	1
30	«Кілемді жинайық»	Төртбұрышты кілемді жинап, жаю арқылы, қол моторикасын дамыту, саусақтарын жаттықтыру.	1

31	«Басу түймесі бар жақтау»	Басу түймесін (кнопка) жабу, ашу арқылы қол моторикасын дамыту.	1
32	«Пазлы-жұмбақ Орнын тап»	Пішіндеріне қарай әр түрлі заттарды орындарына орналастыру арқылы бала ойын, есте сақтау қабілетін дамыту.	1
33	«Бұрандалы пішіндер»	Бұрандалы байланысы бар геометриялық пішіндерді бұрау арқылы баланың ұсақ қол моторикасын дамыту, ойын дамыту.	1
34	«Орамалды бүктеу»	Орамалды әдемі бүктеу арқылы әдемілікке, ұқыптылыққа үйрету. моториканы дамыту.	1
35	«Нан илеу»	Ермексаздар арқылы, түрлі-түсті оқтаушалармен нан илеуге үйрету арқылы қол моторикасын дамыту, көмектесуге үйрету.	1
36	Дамытушы үйшік. Бизиборд.	Бизиборд арқылы баланы әлеммен, күнделікті өмірде қоршаған заттармен таныстыру. қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөйлеуді, логиканы, ойлауды, есте сақтауды, зейінін дамыту	1

Балығы 36 сағат

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хилтунен Е. А. Практическая Монтессори-педагогика: книга для педагогов и родителей. – М.: Астрель: АСТ, 2010. – 399 с.
2. Книга «Здравствуй пальчик» 2-4 года Т.Ю. Бардышева

3. Мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыушы технологиялар /әдістемелік құрал/ Тараз, 2014 ж.
4. Журнал «Монтессори клуб» №1/п/2008 г.
5. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру /әдістемелік нұсқау. Алматы 2018 ж.
6. Л.А. Венгер, Э.Г.Пилюгина, Н.Б.Венгер «Воспитание сенсорной культуры ребенка». Москва «Просвещение». 1988.
7. Монтессори. М. Помоги мне это сделать самому: ст., советы. рекомендации/ М.Монтессори.; сост, вступ.статья М.В.Богуславского, Г.Б. Корнетова. М.: Карануз, 2000.-270 с
8. Б.Бах. Ваш малыш личность. практические советы родителям-М; из-во АСТ, 2008 г.
9. «»Өрлеу білім-ғылым теехнологиялар порталы». Монтессори технологиясын пайдалану негізінде мектепке дейінгі балалардың білім беру мазмұнын жаңарту./Алматы, 2016 ж.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.